



**Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 маусым N 59-II

Мәскеуде 1993 жылғы 24 қыркүйекте жасалған Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы  
Келісім

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер, бұдан әрі қатысушы мемлекеттер,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы қорғаныс, қауіпсіздік және бейбітшілікті сақтау мәселері жөнінде қатысушы мемлекеттер арасында жасалған келісімдер мен шарттарды ескере отырып,

осы Келісімге сәйкес міндеттерді орындайтын қатысушы мемлекеттердің әскери құрылымдарын уақытылы және үздіксіз қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Ұжымдық бітімгершілік күштері" (ҰБК) термині:

жағдайды тұрақтандыру жөніндегі міндеттерді орындау және бейбітшілікті сақтау үшін қатысушы мемлекеттер бөлген қару-жарақтары, оқ-дәрілері, әскери техникасы мен мүліктері бар және Біріккен қолбасшылықтың (ҰБК БҚ) бағынысындағы Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

басқа мемлекеттердің әскери құралымдарын білдіреді.

ҰБК БҚ құрамы, міндеттері және қызмет ету тәртібі Ұжымдық бітімгершілік күштердің Біріккен қолбасшылығы туралы Ережеде белгіленеді (1 қосымша).

#### 2-бап

Қатысушы мемлекеттер ҰБК құрамына күштер мен құрал-жабдықтардың келісілген көлемін бөледі.

#### 3-бап

Қатысушы мемлекеттер ҰБК құрамына бөлінген күштер мен құрал-жабдықтарды жинақтау, оқыту, даярлау, қаржыландыру және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

Жетіспейтін материалдық құрал-жабдықтарды қатысушы мемлекеттер

бірі-бірінен шарттар мен баға белгілеудің бірінғай қағидаттары бойынша өзара есеп айырысулар негізінде алады.

#### 4-бап

Ұжымдық бітімгершілік күштері Біріккен қолбасшылығының қызметін қамтамасыз ету мен жеке құрамын ұстауға байланысты шығындар 2-қосымшаға

сәйкес бөлінетін қатысушы мемлекеттердің үлестік жарналары есебінен жүзеге асырылады.

#### 5-бап

Қабылдаушы Тарап болып табылатын қатысушы мемлекет, ҰБК құрамына кіретін әскерлерді (күштерді) қабылдауды және оларды орналастыруды қамтамасыз етеді және ҰБК алдына қойылған тапсырмаларды орындау үшін қажетті инфрақұрылым береді.

#### 6-бап

Әрбір қатысушы мемлекет ҰБК-ні материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін әуе және жер көлігімен жеткізілетін әскери жүктердің қатысушы мемлекеттердің қорғаныс министрліктері беретін әскери рұқсатнамалар негізінде әкелу (әкету) лицензиясынсыз және кеден баждарын, салықтар мен басқа алымдарды төлетпей, өз аумағы арқылы бөгетсіз және үздіксіз қозғалуын қамтамасыз етеді.

#### 7-бап

Қатысушы мемлекеттер өз аумағы арқылы ҰБК әскери жүктерін транзиттік тасымалдаулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Әрбір қатысушы мемлекет өз аумағы арқылы ҰБК құрамындағы әскери қызметшілердің, қызметшілердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің транзитпен өтуін (ұшып өтуін) қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## 8-бап

ҰБК қызметін қамтамасыз ету үшін қатысушы мемлекеттер өтеусіз негізде өздерінің әуе кеңістігін, ұшақ алаңдарын береді, тұрақпен қамтамасыз етеді, ұшақтарға (тікұшақтарға) және жеке құрамға қызмет көрсетеді және ақылы түрде жанар-жағар май құйып береді және олардың қалыпты жұмыс істеулеріне кедергі келтіретін немесе ауырлатуға әкеліп соқтыратын әрекеттерді жасамайтын болады.

## 9-бап

ҰБК мүддесіндегі әскери барлауды ұйымдастыру мен жүргізуге байланысты мәселелер Ресей Федерациясы мен басқа да қатысушы мемлекеттер арасындағы жеке келісімдермен анықталады.

## 10-бап

Қатысушы мемлекеттер ҰБК құрамына кіретін өз әскерлерін қатысушы мемлекеттердің аумағында орналасқан әскери базаларда құрылған және сақталатын қару-жарақ, әскери техника, оқ-дәрілер және басқа материалдық құралдардың қоры есебінен материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолданады.

## 11-бап

Қатысушы-мемлекеттер қабылдаушы Тарап болып табылатын қатысушы мемлекеттің аумағында, қажет болса өз аумағында өз күшімен өзінің әскери құрылымдарының әскери техникасын, қару-жарағын жөндеуді және шығындардың орнын толтыруды жүзеге асыратын болады.

Қабылдаушы Тарап осындай әскери техника мен қару-жарақты жөндеу үшін алып шығуға кедергі жасамайды.

## 12-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру барысында туындайтын барлық дауларды қатысушы-мемлекеттер өзара консультациялар мен қосымша келісімдер жасасу арқылы шешетін болады.

## 13-бап

Осы Келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кез-келген қатысушы мемлекеттің, сондай-ақ осы Келісімнің мақсаттарын қуаттайтын басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

## 14-бап

Осы Келісім қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы үшін оның заң шығару рәсімдеріне сәйкес күшіне енеді.

## 15-бап

Осы Келісім бұл мәселе бойынша жаңа шешім қабылданғанға дейін қолданылатын болады.

1993 жылғы 24 қыркүйекте Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған мемлекеттерге оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мұрағатында сақталады.

Әзірбайжан Республикасы үшін      Ресей Федерациясы үшін

Армения Республикасы үшін      Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін      Түрікменстан үшін

Қырғыз Республикасы үшін      Өзбекстан Республикасы үшін

1993 жылғы 24 қыркүйектегі

Ұжымдық бітімгершілік күштер  
және оларды материалдық-  
техникалық жағынан қамтамасыз ету  
жөніндегі бірлескен шаралар туралы  
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
мемлекет басшыларымен жасалған  
Келісімімен бекітілген  
1-қосымша

Ұжымдық бітімгершілік күштердің  
Біріккен қолбасшылығы туралы  
Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Ұжымдық бітімгершілік күштердің Біріккен қолбасшылығы (бұдан былай - Біріккен қолбасшылық) әскери басқарудың уақытша органы болып табылады және тиісті тапсырмаларды орындау кезеңіне құрылады.

2. Біріккен қолбасшылық өз қызметінде қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен (комитетімен) және басқа ведомстволарымен өзіне жүктелген міндеттер көлемінде өзара іс-әрекет жасайды.

3. Осы Ережемен белгіленген көлемде Біріккен қолбасшылық уәкілеттілігі оның жедел қол астына берілген барлық әскери құрылымдарға таралады.

4. Біріккен қолбасшылықтың ұйымдық-штаттық құрылымы қатысушы мемлекеттердің қорғаныс министрлерімен бекітіледі.

## II. Біріккен қолбасшылықтың мақсаты оның құрамы және қызметтері

1. Біріккен қолбасшылық әскери басқарудың органы болып табылады және ол Ұжымдық бітімгершілік күштерге басшылық жасау үшін тағайындалған.

Біріккен қолбасшылық:

Құрамында Қолбасшы, Штаб бастығы - Қолбасшының бірінші орынбасары, Біріккен қолбасшылықтың ұйымдық-штаттық құрылымында көзделген орынбасарлар мен басқа да лауазымды адамдар бар қолбасшылықтан;

Құрамында Штаб бастығы, оның орынбасарлары, қатысушы-мемлекеттер Қарулы Күштерінің өкілдерінен және қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен (комитетімен) келісілген тиісті құрылымдық бөлімшелер бар штабтан;

жеке құраммен жұмыс жөніндегі, қару-жарак, тылмен қамтамасыз ету бөлімінен және Біріккен қолбасшылық ұйымдық-штаттық құрылымына сәйкес басқа да органдардан тұрады.

2. Біріккен қолбасшылықтың қызметіне:

қызмет ету аймағындағы әскери-саяси жағдайды талдау және қатысушы мемлекеттердің жоғары органдарына сол жөніндегі қорытындыларымен баяндамаларды ұсыну;

ҰБК-ін жедел қолдануға қатысушы-мемлекеттер басшыларының шешімдерін іске асыру;

операцияларды (әскери әрекеттерді) даярлау және жүргізу кезінде ҰБК-ның басшылық жасауы;

ҰБК-ін қолдану үшін тұрақты әскери даярлықта ұстау;

штабтар мен ҰБК әскерлерінің даярлау деңгейін көтеру, оларды

материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

қабылдаушы мемлекеттегі жағдайды тұрақтандыру жөніндегі келіссөз процесіне қатысу;

ҰБК-нің бөлімдері мен бөлімшелерін жеке құраммен толықтыру, оларды қару-жарақпен, әскери техникамен және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде қатысушы мемлекеттердің басқару органдарымен өзара іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру кіреді.

3. Ұжымдық бітімгершілік күштердің Қолбасшысы қатысушы-мемлекеттер қорғаныс министрлерінің ұсынысы бойынша қатысушы мемлекеттердің басшыларымен тағайындалады. Ол қатысушы-мемлекеттердің басшылары мен қорғаныс министрлеріне есеп беруге міндетті және ҰБК-нің барлық жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады.

ҰБК Қолбасшысының қызметіне:

ҰБК-ін жедел қолдану туралы қатысушы-мемлекеттер басшыларының шешімдерін іске асыруды қамтамасыз ету;

қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрлеріне баяндамаларды, аймақтағы әскери-саяси және қауырт жағдайлардың қорытындыларын, агрессия актілерін тоқтату бойынша операция өткізуге ұсыныстарды тапсыру;

төтенше жағдайда операциялар (ұрыс әрекеттерін) өткізу туралы, кейіннен қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрлері мен мемлекет басшыларына баяндай отырып, өз бетінше шешім қабылдау;

операцияларды (ұрыс әрекеттерді) даярлау және оларды басқару кезіндегі ҰБК-не басшылық жасау;

қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктері мен жергілікті өкімет органдарымен жұмыс байланыстарын ұйымдастыру және оны қолдау;

өз уәкілеттілігі шегінде жанжалдасып жатқан Тараптардың өкілдерімен келіссөздер жүргізу;

бағынысындағы штабтар мен әскерлердің жедел және әскери даярлығын ұйымдастыру және оларға басшылық жасау;

Біріккен қолбасшылық құрамына кіретін қатысушы-мемлекеттер әскери өкілдерінің қызметтерін қамтамасыз ету;

ҰБК-нің қызметін қамтамасыз ету үшін бөлінген қаражат пен материалдық-техникалық құралдарға иелік ету кіреді.

ҰБК қолбасшысы қажет болған жағдайда ҰБК-нің Біріккен қолбасшылықтың ұйымдық-штаттық құрылымына қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрлерінің (Комитеттің төрағасының) келісімі бойынша жеке құрамның белгіленген штаттық санын 10 процентке дейін ұлғайта отырып, өзгіріс енгізуге құқы бар.

4. Штаб Біріккен қолбасшылықтың бас басқару органы болып табылады. Ол



одақтық негізде барлық қатысушы-мемлекеттер өкілдерінің қатысуымен қалыптасады.

Штабтың қызметіне:

аймақтағы әскери-саяси, қауырт жағдайды талдау және Қолбасшыға баяндау үшін тұжырымдар мен ұсыныстарды даярлау;

операцияларды (ұрыс әрекеттерін) даярлау және өткізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

ҰБК қолдануды жоспарлау және тапсырмаларды әскерлерге дер кезінде жеткізу;

өзара іс-әрекеттерді, жан-жақты қамтамасыз ету мен басқаруды ұйымдастыру;

әскерлерді ұрыс әрекеттеріне даярлауды ұйымдастыру;

қойылған тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

қатысушы-мемлекеттердің бас штабтарымен өзара іс-әрекеттерде болу;

әскерлерді жеке құраммен жинақтауды жоспарлау және ұйымдастыру,

қару-жарақпен, әскери техникамен, оқ-дәрілер мен басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету;

жағдайды тұрақтандыру мүддесінде келіссөздер, ресми кездесулер мен басқа да шараларды жүргізуді қамтамасыз ету кіреді.

5. Штаб бастығы штабты басқарады, Қолбасшының бірінші орынбасары және Біріккен қолбасшылық пен ҰБК-нің бүкіл жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады.

Штаб бастығының қызметіне:

штаб жұмысына басшылық жасау және Қолбасшының шешімдерін орындауға бақылау жасау жөніндегі Біріккен қолбасшылық органдарының қызметін үйлестіру;

Қолбасшыға әскери-саяси, қауырт жағдайды бағалаудан шыққан қорытындыларды және ҰБК-ін қолдану жөнінде ұсыныстарды ұсыну;

ҰБК-ін қолдануды жоспарлау кезінде Біріккен қолбасшылық органдарының жұмысын үйлестіру, өзара іс-әрекетті, жан-жақты қамтамасыз ету мен басқаруды ұйымдастыру;

штабтар мен әскерлердің ұрыс даярлығы деңгейін көтеру, олардың жедел және ұрыс даярлығы бойынша жоспарларына басшылық ету және іс-шараларды жүзеге асыру;

Қолбасшы қабылдаған шешімдер мен қойылған міндеттерді орындауға бақылау жасауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

ҰБК-ін қару-жарақпен, әскери техникамен, оқ-дәрілер мен басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар мен құжаттарды даярлауға басшылық ету;

қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрлерімен, әскери басқару және қауіпсіздік органдарымен өзара іс-әрекетте болуын қамтамасыз ету;

Қолбасшы болмаған кезде оның қызметін атқару кіреді.

6. Қатысушы-мемлекеттер Қарулы Күштерінің өкілдері Штаб бастығының

орынбасарлары болып табылады және өз міндеттерін Біріккен қолбасшылық Штабының барлық қызметтеріне сәйкес атқарады.

7. Қабылдаушы мемлекет Біріккен қолбасшылыққа оның қызметін атқару үшін қажетті барлық мүмкіндіктерді, соның ішінде материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мен қызмет көрсетуді береді және қамтамасыз етеді.

8. Біріккен қолбасшылық үшін бөлінген үйлер мен құрылыстар сатылмайды және тінтуге, конфискациялауға, тұтқынға алуға және өзге де әкімшілік жазаға тартуға жатпайды. Қандай да болмасын көрсетілген әрекеттер тек ҰБК Қолбасшысының келісімі немесе қатысушы-мемлекеттер басшыларының шешімі бойынша жасалуы мүмкін. Қабылдаушы мемлекет өкіметі Біріккен қолбасшылықтың мұқтажы үшін бөлінген үйлер мен құрылыстарды құқыққа қарсы қол сұғулардан қорғау үшін барлық тиісті шараларды қолдануға міндетті.

9. Біріккен қолбасшылықтың құжаттарына қол сұғылмайды. Оларды тексеруге, қарауға, алып қоюға Біріккен қолбасшылықтың немесе қатысушы-мемлекеттер басшыларының келісімі бойынша рұқсат етіледі.

10. Біріккен қолбасшылықтың ресми хат-хабарларына, поштасына қол сұғылмайды, оларды ашуға, ұстап қалуға болмайды.

11. Біріккен қолбасшылықтың шабармандары мен фельдъегерлері қызмет міндеттерін орындау кезінде қабылдаушы-мемлекеттің дербестігін пайдаланады және оның қорғауында болады.

12. Біріккен қолбасшылықтың әскери қызметшілері мен қызметшілеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне қабылдаушы мемлекет қолданылып жүрген заңдарды ескере отырып, өз аумағында бір жерден екінші жерге еркін орын ауыстыруына кепілдік береді.

13. Біріккен қолбасшылықтың әскери қызметшілері мен қызметшілері қабылдаушы мемлекеттің егемендігі мен заңдарын құрметтейді, оның ішкі істеріне араласпайды және ішкі жанжалдарға қатыспайды.

14. Біріккен қолбасшылықтың құрамына кіретін адамдарға қатысты қылмыстық, әкімшілік және азаматтық заң құқығын оның қызмет міндеттерін орындау кезінде жасаған әрекеттеріне байланысты сол тұлға азамат болып табылатын қатысушы мемлекет жүзеге асырады.

15. Қабылдаушы мемлекеттің аумағындағы салықтар, алымдар және бажылар Біріккен қолбасшылықтың әскери қызметшілері мен азаматтық персоналына таралмайды.

16. Қызмет бабында пайдалануға арналған заттарды кіргізу және шығару кезінде Біріккен қолбасшылықтың әскери қызметшілері мен азаматтық персоналына кедендік бажылар мен алымдар салынбайды.

17. Әскери қызметшілер мен азаматтық персонал әскери бөлімнің тізбелерінен шығарылмай алты айға дейінгі мерзімге қабылдаушы-мемлекеттің аумағындағы ҰБК

Біріккен қолбасшылық қарамағына уақытша іссапарға жіберіледі.

Әскери қызметшілер мен қызметшілерді іріктеу мен жіберуді белгіленген өкілдік негізінде тиісті қорғаныс министрліктері (комитеті) мен ТМД БҚК-ның Бас қолбасшылығы жүзеге асырады.

18. Біріккен қолбасшылықтың әскери қызметшілері әскери киім нысаны мен айырым белгілерін жіберуші мемлекетте белгіленген тәртіп пен ережелерге сәйкес киеді.

19. ҰБК-нің әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы жіберуші мемлекеттің заңдарында белгіленген нормалар бойынша ақшалай, заттай, азық-түлікпен және үлестің басқа түрлерімен қамтамасыз етіледі. Оларға Ресей Федерациясының белгіленген заңдарына сәйкес қосымша кепілдіктер мен өтемақылар беріледі.

Бұл ретте ҰБК-нің Біріккен қолбасшылық және қамтамасыз ету әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы өздерін ҰБК құрамына жіберген кездегі қызметтері бойынша ақшалай үлес алады.

20. Қабылдаушы мемлекеттің аумағында ҰБК-ін медициналық қамтамасыз ету қатысушы-мемлекеттердің күштері мен қаражатын пайдалана отырып, жүзеге асырылады.

21. Біріккен қолбасшылықтың қызметін қаржыландыру қатысушы-мемлекеттердің үлестік жарналары есебінен жүзеге асырылады.

22. Біріккен қолбасшылықтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау қорғаныс министрлері белгілейтін тәртіпте жүзеге асырылады.

23. ҰБК-нің құрамына кіретін әскерлерді (күштерді) басқару және Біріккен қолбасшылықтың өзара байланысын қамтамасыз ету үшін қатысушы-мемлекеттер келісілген үлестерге сәйкес байланыс техникасы мен байланыс әскерлерінің жеке құрамын бөледі.

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК